


Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы

Қазан 2024 жыл 4 апта ЖСТД 2 деңгей

Сабақтың мақсаты:

- Жекеше, көпше түрдегі зат есімдерді сын есіммен келістіру дағдысын дамыту;
- «Орман. Жидектер» лексикалық тақырыбы бойынша сөздік қорын молайту;
- Артикуляциялық жаттығулар арқылы сөйлеу аппаратының қимыл-қозғалысын дамыту;

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 21.10.2024.	Сейсенбі 22.10.2024	Сәрсенбі 23.10.2024.	Бейсенбі 24.10.2025	Жұма 25.10.2024
Балаларды қабылдау	Сөйлеуді дамыту – коммуникативтік, танымдық әрекет. Балалармен амандасу. Көңіл-күйін білу, байқау немесе баладан сұрау.				
Ата-ана мен тәрбиешімен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-ана мен тәрбиешіге кеңес беру. Баладағы өзгерістер мен үй жағдайында баланы дамыту жұмыстары туралы сұрап отыру.				
Қызығушылығын ояту	Сәлемдесу: балалардың зейінін шоғырландыру. Шаттық шеңбері. «Әрқашан күн сөнбесін» әнін тыңдау. Әнді тыңдап тұрып қолды әннің ырғағымен толқын тәрізді тербету. -Ал, жарайсындар! Рахмет көп.				
Артикуляциялық жаттығулар					

Негізгі кезең

I.Ұйымдастыру. Сәлемдесу.

(Балалар топқа кіріп шеңберге тұрады)

Балалар, бізге қонақтар келіп қалыпты. Қонақтармен жарқын жүзбен амандасып, көтеріңкі көңіл сыйлайық.

Балалар шеңбер құрып отырады

Балалар, бүгін біз орманға саяхатқа барамыз. Кәнеки, саяхатқа дайынсындар ма? (Дайыңбыз)

Балалар орманда қандай аңдар тұрады, білесіңдер ме?

(Білеміз: Түлкі, Қасқыр, Аю, Қоян)

Дұрыс балалар, орманда қасқыр, түлкі, қоян, аю басқада аңдар тұрады. Саяхат барысында олармен кездесіп танысатын боламыз. Жолға шығардың алдында бәріміз қуаныш шеңберге тұрып, күнмен, аспанмен, достарымызбен амандасып жолға шығайық.

Қуаныш шеңбері:

Сәлеметсіз бе алтын күн,

Сәлеметсіз бе көк аспан.

Сәлеметсіздер ме достарым,

Сендерді көргеніме қуаныштымыз.

Ал, балалар, жолға шығайық!

Тосын сый: (музыкамен ішке аю кіріп келеді)



Біздің орманда бір қызық жағдайлар болып жатыр.

Көмектесіңдер балалар.

Логопед: Аю саған не болды екен? Орманда не жағдай болды екен. Аю: Балалар қысқа аз уақыт қалды ал мен әлі азық жинап үлгермедім.

Балалар көмекке барамыз ба? (Барамыз)

Амандасу, шеңбер ұйымдастыру.

Балалар бүгін бізге көп қонақтар келген екен.

Қонақтармен амандасайық!

Қалдарың қалай?

Балалар: “Жаксы” деп бас бармақтарын көрсетеді

Балалар көтеріңкі күйде, кимыл – қозғалыс жасап, бір – біріне сәлем береді.

Ал енді шеңберге тұрып, көңіл – күйімізді көтерейік

Армысың, қайырымды Аспан ата!

Армысың, шұғылалы Алтын күн!

Қайырлы таң!

Қайырлы күн!

Сұрақ- жауап

Орман қандай ?

Орманда жазда не өседі?

Орманда не ұшады?

Орманда нелер өмір сүреді?

Балалардың жауаптары:

Мынау орман.

Орман үлкен,әдемі , аппақ , қалын орман қар жамылған .

Гүл , шөп , ағаштар, саңырауқұлақ өседі

Орманда құстар ұшады

Орманда аңдар өмір сүреді




Ендеше, жолға шығайық, бір-бірімізден кейін тұрып жол бойымен орманға барайық.

Жекеше, көпше түрдегі зат есімдерді сын есіммен келістіру дағдысын дамыту.

Балалар бұл кедергіден өту үшін, біз алдымен орманда нелер бар екенін табуымыз қажет.

«Ыстық доп ойыны»

Сипаттамасы: шеңбер құрып тұрады. Қағаздан доп жасап алады. Допты лақтырған бала орман ішіндегі бір затты атайды (зат есім), допты қағып алған бала зат атауына сын есім қосып сөз тіркесін құрайды. Мысалы: Дәмді+құлпынай, қара+қарақат



Жарайсындар, балалар. Саяхатымызды жалғастырайық. Қарандаршы, балалар, тағы бір жидекті көріп тұрмын. Ол жидекті жинау үшін тапсырма орындайық.

Дыбыстық жаттығу

ян -ян -ян – қорқақ қоян.

ю-ю-ю-маймақ аю

ыр-ыр-ыр- ұлынды қасқыр.

кі-кі-кі-қу түлкі

пі-пі-пі-тікенек кірпі

Бүгін аюдың туған күні екен. Аю ормандағы достарына дастархан дайындапты. (тірек сызбаға қарап айту)

Балалар, ойландаршы аю туған күніне қандай тағамдар даярлады?

Оны қайдан білдіңдер,себебі үстелге не дайындап қойыпты?

ТОСАП, ШЫРЫН, ТӘТТІ ТОРТ

Құлпынай. Құлпынай шырыны. Аю құлпынай шырынын жасады.

Құлпынай. Құлпынай тосабы. Аю құлпынай тосабын жасады.

Құлпынай. Құлпынай торты. Аю құлпынай тортын жасады.



«Кім тапқыр» ойыны. Мен сөйлемді айтамын, сендер аяқтаңдар.

Балалар орманға...

Орманда ағаштар...

Балалар саңырауқұлақ...

Балалар құлпынай...

Балалар жидектерді...

Орманда мүкжидек...

Орманда жел...

Жарайсыңдар, балалар, көрдіңдер ме! Білімді – мыңды жығады – дегендей бәріміз бірігіп, бұл тапсырманы да орындап шықтық.

Кәнеккі, тақтамызға жақындап мына карточкаларды алып, аюға көмектесейік.

Дидактикалық ойын: «Жидектер»

(Әр бала карточканы алып, өз орындарына қояды, логопед пен балалар жасаған жұмыс туралы әңгімелеседі. Пікір-талас өткізеді)

Балалар тосап неден жасалған?

-Құлпынайдан.

Ендеше ол қалай аталады?

-Құлпынай тосабы.

-Жарайсыңдар.



Балалар аюдың дастарханы дайын.

Енді қонақтар келеді. Қонаққа келген дануарлар нені ұнатады?

Бұл тағамдарды, қандай аңдар жейді?

Балалардың жауаптары:

Ет,сәбіз,бал, саңырауқұлақ.


Қасқыр ет жейді.


Қоян сәбіз жейді.

Аю бал жейді.

Кірпі саңырауқұлақ жейді.



Ал түлкі өзіне балық дайындады.






дұрыс жасадық па? (Дұрыс жасадық, өйткені әр аңның өз үйі болу керек)

Ермексазбен жұмыс: «Жидектер»



Тамақ ішкеннен кейін аңдар “Тығылыспақ” ойнады
Табындаршы,мынау қандай аңның құйрығы?

Аңдар қонаққа кеткенде , балалары үйлерінде қалды .
Оларда “Тығылыспақ” ойнады.Аналарына балаларын табуға көмектесейік



Аңдар қонақта ән айтты, би биледі ,ойнады. Кәне, біз де ойнайық

Сергіту сәті:

Ұзын құлақ , сұр қоян
Естіп қалып сыбдырды
Ойлы-қырлы жерлермен
Ытқып-ытқып жүгірді.

Туған күнде сыйлық сыйлау керек. Аңдарда аюға сыйлық әкелді

Дидактикалық ойын „Не сыйлады?”

		Қоян доп сыйлады Қасқыр ойыншық балапан сыйлады Аю машина сыйлады Кірпі алма сыйлады
Сабақтың соңы	-жарайсыңдар балалар! - бүгінгі сабақ ұнады ма?	жарайсыңдар балалар! - бүгінгі сабақ ұнады ма?

Әдіскер  Каримова С.С.